

**6B01201 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Білім беру саласының коды және атауы: 6B01 Педагогикалық ғылымдар

Даярлау бағытының коды және атауы: 6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы

Берілетін дәрежесі: 6B01201 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

Бағдарламаның типі: бакалавриат, 6-деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

Жалпы кредит көлемі: 240 академиялық кредит/240 ECTS

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

6B01201 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін келесі білім беру салаларында атқарады:

- білім беру (мектепке дейінгі, жалпы, инклюзивті);
- ғылым (ғылыми-зерттеу институттары);
- әлеуметтік сала (үйде оқыту);
- мәдени-ағарту, мәдени-демалыс орны (қосымша білім беру).

1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:

- бөбекжай-балабақша, балабақша, отбасылық бөбекжай-балабақша, «мектеп – бөбекжай-балабақша кешені»;
- санаторий бөбекжай-балабақша, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналаған мектепке дейінгі ұйымдар;
- мектепке дейінгі шағын орталықтар; балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары;
- педагогикалық колледждер, жоғары колледждер.
- мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер (біліктілікті арттыру институттары, мектепке дейінгі шағын орталық, балаларға қосымша білім беру ұйымдары, даму орталықтары және т.б.);
- білім беру бөлімдері;
- ғылыми-зерттеу ұйымдары (институттар).

1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:

6B01201 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасының түлегі мектепке дейінгі жалпы білім беру деңгейінде келесі кәсіби міндеттерді орындай алады:

оқыту/педагогикалық: мектепке дейінгі түрлі білім беру ұйымдарының педагог-тәрбиешісі, әдіскер; балалар мен ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарындағы отбасылық педагог; үй тәрбиешісі (гувернер), мектепке дайындау репетиторы; орта кәсіптік педагогикалық білім беру ұйымдарындағы оқытушы.

ұйымдастыру-басқару, мәдени-ағарту: біліктілікті арттыру орталықтарында, үй жағдайында оқыту бойынша маман, білім беру департаменттері мен арнайы серіктестік және қызметтестік ұйымдарының маманы.

1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

6B01201 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасының түлегі мектепке дейінгі жалпы білім беру деңгейінде келесідей кәсіби міндеттерді шешуге дайын:

білім беру қызметі саласында – оқуға жан-жақты дамуға оңтайлы жағдай жасау, ерте жастағы және мектепке дейінгі жастағы балалардың жас және жеке ерекшелігіне сай білім беру, олардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

тәрбиелеу қызметі саласында – балаларды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу; олардың психикалық және физикалық денсаулығын нығайту;

әдістемелік қызмет саласында – санитарлық-гигиеналық және дидактикалық талаптарды ескере отырып, білім беру процесін нормативтік-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету, ата-аналарға баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту, олардың өмірі мен денсаулығын сақтау мәселелері бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;

зерттеу қызметі саласында – баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін және білім беру ортасын зерттеу;

әлеуметтік-коммуникативтік қызмет саласында – қоғамдық және білім беру ұйымдарымен, балалар ұжымдарымен, білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен), кәсіби қоғамдастықпен және басқа да мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру; тұлғалық дамуға және кәсіби шеберлікке ұмтылу.

БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде сыни ойлау мен креативтілік танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жанарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы	Кре дит сан ы	Оқу нәтижелері (коды)										
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10	ON11
Жалпы білім беретін пәндер циклі														
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті														
1	Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім	Білім алушыларда экономика және бизнес саласындағы құзыреттілікті, құқық негіздері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейтеді, ҚР Мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздерін, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін, кәсіпкерлік дағдыларын, көшбасшылықты, т.б. білім алушының тұлғалық дамуын қалыптастыруға бағытталған пәнаралық білімді интеграциялау жолдарын сипаттайды.	5	+		+								
Базалық пәндер циклы														
Жоғары оқу орны компоненті														
2	Мектепке дейінгі жастағы балалардың психологиялық және физиологиялық дамуы	Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері; онтогенездің әр түрлі жас кезеңдерінде бала ағзасының морфофункционалды дамуы мен заңдылықтары (денсаулығын сақтау, дене дайындығы, әлеуметтік, тіл дамыту, интеллектуалды дамыту, көру, есту, қабылдау, қозғалыстардың дамуы, жеке дамуы) туралы түсініктерін пәнаралық интеграциялау арқылы дамытуға бағытталған.	5		+	+	+							
3	МДҰ-дағы тәрбие	Тәрбие процесінің мазмұны, бала құқығы	5		+						+			

	жұмысының педагогикасы мен әдістемесі	мәселесі, мектепке дейінгі білім берудің қалыптасу, даму кезеңдері, тәрбие жұмысын ұйымдастыру жолдары қарастырылады. МДҰ-дағы МЖМБС сай білім беру процесі, мектепке дейінгі және ерте жастағы балалармен жұмысты жоспарлау, іске асыру және талдау, педагог пен тәрбиеленушілердің ойын, танымдық, әлеуметтік-коммуникативтік әрекет кеңістігі; тәрбиенің заманауи парадигмасы туралы түсініктері кеңейеді.												
4	Инклюзивті білім берудегі арнайы педагогикалық технологиялар	Инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске асыруда ЕБҚБ балаларды сүйемелдеу қызметі, әдістері мен формалары, принциптері мен факторлары, оқыту-дамытудың психологиялық-педагогикалық мәселелері туралы білімдерін дамытуға бағытталған. Жеке кәсіби өсуі мен білім беру траекториясын жобалау; ББ әзірлеу технологиялары; инклюзивті білім беру кеңістігінде педагогтің практикалық қызметінің ерекшеліктерін зерделей алу дағдысын дамытуды көздейді.	5					+	+					+
5	Мектепке дейінгі білім берудегі ұлттық мәдени құндылықтар	Ұлттық мәдениетке деген құндылықтық қатынасты, балаларды ұлттық мәдениет пен өнер арқылы көркемдік және эстетикалық тәрбиелеу мен дамытудың маңыздылығын сипаттайды. Ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, өнер түрлері (фольклор, ұлттық мерекелер, ұлттық киім, ас үй), өмір салты, ұлттық білім беру дәстүрлері, отбасының ролі, тұлғааралық, мәдениетаралық ортаға ұлттық мәдени құндылықтарды интерграциялау дағдысын дамытуды көздейді.	5	+		+		+						

6	Баланың әлеуметтік дамуы	«Әлеумет» білім беру саласын іске асырудағы баланың әлеуметтік дамуының негізгі заңдылықтары, механизмдері мен детерминанттары; баланың әлеуметтік даму кезеңдері, әлеуметтік факторлары, балабақшада әлеуметтік дағдыларды дамыту, балалардың әлеуметтік бейімделуі және бейімделе алмауы, әлеуметтік тәрбие және оның құралдары мен технологиялары туралы түсініктерін дамытуға бағытталған.	6			+		+		+				
7	Қоршаған ортамен таныстыру	МЖМБС талаптарына сәйкес мектепке дейінгі білім беру жағдайында «Әлеумет» білім беру саласында оқыту әрекетін жүргізудің инновациялық әдістері мен технологияларын қолдануға білім алушылардың дайындығын қалыптастырады. Өзін-өзі тану, экология негіздері, қоршаған ортамен таныстыру бойынша негізгі ережелердің тұжырымдамалық ерекшеліктерін (Отанға деген махаббат, үлкенге құрмет, позитивті мінез-құлық) туралы түсініктері кеңейеді.	5			+		+						
8	МД білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар	Инновациялық технологиялардың әдіснамалық негізін және мәнін, балабақшада денсаулық сақтау, оның ішінде түзету (стретчинг, динамикалық үзіліс, көзге арналған жаттығу және т.б.), жеке тұлғаға бағытталған (ынтымақтастық, еркін тәрбие), ойын (рөлдік, шығармашылық ойындар, ТРИЗ және т.б.), жобалық іс-әрекет (тәжірибе, әңгіме, эксперимент) және т.б. оқытудың инновациялық танымдық-зерттеу әдістерін қолдану дағдысын дамытуды көздейді.	5					+				+		

9	Мектепке дейінгі білім берудегі денсаулық сақтау технологиялары	Денсаулық сақтау ұстанымдары, білім беру субъектілерінің денсаулық жағдайына әсер ететін факторлары; «Денсаулық» білім беру саласына сәйкес оқыту процесін жүзеге асырудағы медициналық-профилактикалық, шынықтыру-сауықтыру, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, СӨС-ті (проблемалық-ойындық: ойын терапиясы, өз-өзіне массаж; түзету: арт-, музыка-, ертегітерапиясы, психологиялық гимнастика) қалыптастыру дағдысын дамытуды көздейді	6				+			+				
10	Сөйлеу мәдениеті	МДҰ педагогінің кәсіби қарым-қатынас, балалардың әрекет кеңістігін ұйымдастыруда сөйлеу мәдениетін, мәдени және әдістемелік талаптардың мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамуындағы маңыздылығын сипаттайды. Тәрбиешінің ауызша және жазбаша сөйлеу тіліне қойылатын талаптарды (тіл байлығына, дұрыстығына, дәлдігіне, дәйектілікке, тазалыққа, мәнерлілікке, релеванттыққа, вербалды емес сөйлесу құралдарын дұрыс қолдануға, мәнерлі оқу және әңгімелеу) дағдыларын дамытуға бағытталған.	4	+		+								
Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті														
11	1.Мектепке дейінгі педагогика 2.Мектепке дейінгі педагогика тарихы	1. Мектепке дейінгі педагогиканың ғылыми негіздері, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мәні, МДҰ-дағы педагогикалық процесс туралы түсініктері кеңейеді. Тәрбиелеу мен оқыту процесін зерттеудің, отбасының мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесі мен тұлғалық дамуы жайында	8		+	+						+		

		ғылыми көзқарастары қалаптасады. 2. Мектепке дейінгі педагогиканың қалыптасу тарихы мен қазіргі жағдайы, Қазақстан Республикасындағы және шетелдердегі мектепке дейінгі білім беру жүйесі; Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мәселелері, нормативтік құжаттар, мектепке дейінгі ұйымдарды әдістемелік қамтамасыз ету, тәрбиеші-педагогке қойылатын заманауи талаптарды саралау барысында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамытуға бағытталған.												
12	1.Ерте жас педагогикасы 2.Балалар психологиясы	Үш жасқа дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктері мен заңдылықтарын, ерте жастағы педагогика және психология негіздерін интеграциялау, ерте жастағы балалармен жұмыс істеуде тұлғаны тәрбиелеу моделін енгізу әдістері, балаларды балабақшаға бейімдеу, дамытушы әрекеттік органы ұйымдастыру, ата-аналармен жұмыс істеу туралы білімдерін тереңдетуге бағытталған. 2. Балалар психологиясының зерттелу тарихы, нәрестелік, ерте жастағы, мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық-психикалық даму ерекшеліктері; психикалық депривация және оның өмірінің алғашқы жылдарында балалардың дамуына әсері, мектеп жасына дейінгі психологиялық дамуды депривациялау ерекшеліктері; балалардың психикалық дамуын диагностикалау және түзету, ата-анамен қарым-қатынаста қиындықтары бар балаларға арналған әрекеттік кеңістік туралы түсініктері кеңейеді.	5			+		+		+			+	

13	1.Баланың психикалық дамуы 2.Баланың танымдық дамуы	1.Мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық даму заңдылықтары, ғылыми-психологиялық зерттеу әдістері, жеке тұлғалық және таным процестерінің (зейін, сөйлеу, сенсорика, есте сақтау, қиял, ойлау) дамуы, өзін-өзі тануы мен ерік-жігерінің, адамгершілік қасиеттерінің, темперамент пен қабілеттілік, мектепке психологиялық дайындық мәселелері жайлы игерген білімдерін дамытуға бағытталады. 2. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған танымдық әрекеттің мазмұны, танымдық әрекетті дамыту бойынша жұмыс түрлері (ойлау мен есте сақтауды қалыптастыру, дидактикалық және басқа ойындарды қолдану, көркем әдебиетті оқу), қоршаған ортамен (табиғат пен әлеумет) танысу, қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, танымдық-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамытады.	5			+						+		
14	1.Балалар шығармашылығы 2.Баланың көркем-эстетикалық дамуы	1.Балалар шығармашылығының мазмұны; білім алушылардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сай, «Шығармашылық» білім беру саласындағы оқыту процесін интеграциялау; қоршаған ортаны эстетикалық қабылдауды қамтамасыз ететін факторлар; балалар шығармашылығының ерекшеліктері мен түрлері (сурет салу, жапсыру, жапсыру, музыка); шығармашыл дарынды балалармен жұмыс істеу бағыттары туралы білімді қалыптастырады. 2. «Шығармашылық» білім беру саласына сәйкес өнер түрлері туралы қарапайым	8		+				+					

		түсініктер, музыканы, көркем әдебиетті, фольклорды қабылдау, балалардың шығармашылық (бейнелеу, музыка және т.б.) әрекетін ұйымдастыру, балалардың көркемдік-эстетикалық дамуының әдістемелік негіздері мен тәсілдері, жағдайлар мен факторлар, өзекті мәселелер, көркемдік-эстетикалық тәрбиенің мазмұны мен технологиялары, балалардың көркемдік-эстетикалық дамуын ұйымдастыру, даму көрсеткіштері мәселелері сипатталады.												
15	1.Балалардың сөйлеу тілін дамытудың теориясы мен әдістемесі 2. Баланың сөйлеу тілі	1.Ана тілінің функционалдық ерекшелігін және оның бала дамуындағы рөлі, «Қатынас» білім беру саласындағы балалардың тілін дамытудың ғылыми, бағдарламалық негіздері; сөйлеу онтогенезінің қазіргі заманғы концепциялары; ана тілі мен тілді оқытудың әдістемелік принциптері; ана тілін меңгеру процесін оңтайландыру құралы ретінде балалардың сөйлеу дамуының диагностикасының теориясы мен әдістемесі сипатталады. 2. Балалар тілін зерттеудің құрылымдық, функционалдық және когнитивті бағыттарымен; балалардың лексиканы, грамматиканы, фонетиканы, байланыстырып сөйлеуді меңгеруінің заңдылықтары мен ерекшеліктерімен; балалардың тілдік даму бағдарламаларын әзірлеудің психологиялық-педагогикалық негіздерін; сөйлеуді дамытудың мазмұнын, ғылыми әдістері мен құралдарын; бала қарым-қатынасын және сөйлеу ортасын; әлеуметтік тәжірибені меңгерудің және ана тілін меңгерудің негізгі құралы ретінде сөйлеу қарым-қатынасын таныстырады.	5						+		+	+		

16	<p>1.Мектеп жасына дейінгі балаға әдебиеттік білім беру</p> <p>2. Балалар әдебиеті</p>	<p>1.Мектеп жасына дейінгі балаларға әдеби білім берудің теориялық-әдістемелік идеялар жүйесін құрайтын әдебиеттанудың педагогикалық негіздерін, өнер туындысын түсінуін; балабақшадағы балалар әдебиетін оқыту процесін және балалар әрекетінің түрлі нысандарын; кітаппен жұмыс істеу формаларын, балалардың жас ерекшелігіне сай оқуға үйрету әдеби білім берудің әдістері мен технологияларын пайдалана алу дағдысын дамытуды көздейді.</p> <p>2.Балалар әдебиетінің қалыптасу кезеңдерін, балалар фольклоры мен әдебиетінің жанрлық жүйесін, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған кітаптардағы иллюстрацияларға қойылатын талаптар, балалардың оқу ортасы, жас ерекшелігіне сай оқуға баулу жұмыстары, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен бейнесін қабылдау, оқырманның эстетикалық сауаттылығын қалыптастыру, шығармашылыққа және көркем сөйлеуге үйрету құралдары мен технологиясын қолдану дағдысын қалыптастырады.</p>	5					+		+				
17	<p>1. МДҰ мәдени шараларды ұйымдастыру және жүргізу</p> <p>2.Музыкалық тәрбиенің әдістемесі</p>	<p>1.Мәдени шараларды ұйымдастыру мазмұны, әдістері (ойын, сахналау, сайыс, тақпақ оқу және жаттау, импровизация), тиімді формалар (концерттер, музыкалық-әдеби композиция, музыкалық ойындар мен сауықтар, қойылымдар, драматизациялау ойындары, куыршақ театрлары, хореографиялық миниатюралар) және мәдени шараларды ұйымдастыруға қойылатын талаптар, әдістері, түрлері (демалыс, ойын-сауық, мерекелер, шығармашылық), «Шығармашылық» білім</p>	7			+		+						

		<p>беру саласын іске асыру туралы білімдерін тереңдетеді.</p> <p>2.«Шығармашылық» білім беру саласындағы музыкалық білім берудің көркемдік формасы, музыкалық тәрбие бойынша балалардың әрекеттерін ұйымдастыру, жас ерекшеліктеріне сай музыкалық тәрбие беру, музыкалық тәрбие формалары мен әдістері, музыкалық репертуардың түрлері мен формалары, музыкалық әрекет түрлері, музыка тыңдау, ән айтуды, аспаптарда ойнау, сазды-ырғақты қозғалыстар арқылы білім беруді жобалауды қарастырады.</p>												
18	<p>1.Логопедиялық технологиялар</p> <p>2.Ойын әрекетінің технологиясы</p>	<p>1. «Логопедиялық технология» түсінігі, педагогикалық технологияның негізгі талаптары (өлшемдері); қазіргі заманғы білім берудегі логопедиялық технологиялардың түрлері (диагностикалау, балалар тілін түзету жолдары, дыбыстарды дұрыс айту әрекеті); денсаулық сақтау, жобалау, зерттеу, АКТ, жеке тұлғаны дамытуға бағытталған, мектепке дейінгі тәрбиеленуші мен тәрбиеші портфолиосы технологиясы, ойын технологиялары т.б білім беру технологияларының құрылымы қарастырылады.</p> <p>2. Ойын технологияларының мазмұны, міндеттері, талаптары, тәрбиелік және оқыту мәні; педагогикалық ойындардың әрекет түрі (қозғалыс, зияткерлік, психологиялық); педпроцесстің сипаты (оқыту, жаттығу, бақылау, танымдық, дамытушылық, диагностикалық); ойын әдістемесінің сипаты, мазмұны бойынша (музыкалық,</p>	8					+			+			

		математикалық); ойын жабдықтары бойынша жіктелуі (үстел үсті, компьютерлік, рөлдік) қарастырылады.												
19	1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы әдістемелік жұмыстар 2. Мектепке дейінгі білім берудегі педагогтің кәсіби дамуы	1.МДҰ әдіскердің және әдістемелік кабинеттің жұмысын, құжаттаманы жүргізу әдістерін, есепке алу және есеп беруді; пәндік-дамытушылық ортаны құру, педагогтермен жұмыс жүргізу және олардың жұмысын бақылау, МДҰ оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысын мониторингтеу, қызметін жоспарлау және жаңартылған мазмұнды білім берудің нормативтік, озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу тұрғысында құжаттаманы әзірлеу туралы білімдерін дамытады. 2.Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру, педагогтің рефлексиялық дағдыларын дамытуда инновациялық әдістерді қолдану, кадрларды даярлау және қайта даярлау; аттестаттау кезеңінде педагог-тәрбиешілердің дайындығы, кәсіби қалыптасу кезеңдері; жеке даму маршруттарының үлгілері, сүйемелдеу карталары, мектепке дейінгі тәрбиешілердің кәсіби өсуіндегі мониторингтеу өлшемдері, білім берудің нормативтік құжаттары туралы білімдерін дамытады.	8		+			+				+		
Бейіндеуші пәндер циклі														
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті														
20	Сауат ашу әдістемесі	Сауат ашу технологиясының мектепке дейінгі кезеңдегі оқу-тәрбие жүйесіндегі	5			+						+		

		маңыздылығы жөнінде білімді тереңдетуге бағытталған. Пәнаралық білімді интеграциялай отырып, дыбыстарды дұрыс айту, әріптерді таңбалау, жазу, сөздің дыбыс, буын құрамын меңгерту, сөздік қорын байыту, практикалық түрде қазақ тілінің нормасына сай сөйлем құрастыру, балалардың біліктері мен жетістіктерін диагностикалау дағдыларын дамыту көзделеді.												
21	Латын негізді сауат ашу және жазу	Латын негізді қазақ әліпбиіне көшу мәселелері, балаларды латын әліпбиінде оқуға және жазуға үйретудің әдіснамалық негіздері туралы білімдерін тереңдетуге бағытталады. Дыбыстық-әріптік және буындық талдау, жаңа әріппен танысу, буын, сөз, мәтін оқу т.б. тілдік дағдыларды, латын негізді жазу сауаттылығын қалыптастыру, жазуға үйретудің аналитикалық-синтетикалық әдісін қолдана алу дағдыларын дамытуды көздейді.	5	+				+						
22	1.Мектеп жасына дейінгі балаларда қарапайым математикалық түсініктер қалыптастыру 2.Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық білімі	1. МЖМБС талаптарына сәйкес «Таным» білім беру саласында балалардың әрекет кеңістігін ұйымдастыруда инновациялық әдістер мен технологияларды қолдануға дайындығын; мектеп жасына дейінгі балаларға математикалық білім беруде басшылыққа алынатын негізгі бағдарламаларды, математикалық білімді жүзеге асыруда, сан мен мөлшер, уақыт пен кеңістік, пішін мен көлем туралы білімдерін дамытуға бағытталған. 2. Балалардың тұлғалық дамуына бағытталған қарапайым математикалық ұғымдарды игертудің педагогикалық шарттарын, мектеп жасына дейінгі балаларға математикалық білім	5			+		+		+				

		берудің инновациялық әдістері мен технологияларын, талдай білу, салыстыру, жіктеу және жинақтау, абстракциялау бойынша әрекет кеңістігін ұйымдастыру, оқу бағдарламаларын жобалау әдістері туралы білімдерін дамытады.													
23	Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктілігі мен дағдысының дамуын мониторингтеу	Мектепке дейінгі білім беру саласындағы педагогикалық зерттеулерді жүзеге асыру үшін қажетті кәсіби біліктілікті, өз бетімен тәжірибені зерттеу мәнмәтінінде командалық кері байланыс әдісін қолдану; әріптестерімен өзара әрекеттесе білім ортасы мен балалардың дайындық деңгейін (денсаулық сақтау, коммуникативтік-тілдік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдылар) айқындауға бағытталған мониторингті жоспарлау және жүргізу мүмкіндігі туғызылады	7					+					+		+
24	Мектепке дейінгі білім берудегі педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі 2.МДҰ жобалау әрекетін ұйымдастыру	1. Мектепке дейінгі білім беру саласында педагогикалық зерттеулерді жоспарлау және жүргізу, қажетті кәсіби дағдыларды зерделей алу үшін мектепке дейінгі педагогиканың әңгімелесу, сауалнама жүргізу, тестілеу, педагогикалық құжаттарды және балалар қызметінің өнімдерін, тәжірибені зерттеу және жалпылау, педагогикалық эксперимент, социометриялық, математикалық әдістерін қолдана алу дағдысын дамытуды көздейді. 2.Мектепке жасына дейінгі балалардың жобалау әрекетін (әртүрлі және вариативтілік, қиялдау элементтері, ойындар) балабақшадағы ұйымдастыру технологиясын, жобалау қызметінің (танымдық-зерттеу, ойын, шығармашылық; қысқа және ұзақ мерзімді	4					+					+		

		жоспарлау) түрлерін, балалардың шағын жобаларын (жобаға ену, ғылыми жобалау, қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерді таныстыру) кезеңдері жайлы түсініктері кеңейеді және ғылыми көзқарастары қалыптасады.												
25	Мектеп жасына дейінгі балаларды үй жағдайында оқыту әдістемесі	Үй жағдайында оқуға үйрету мазмұны, тиімділігі мен кезеңдері (ынталандыру, дыбыс, әріптермен танысу, буын құрау), дәстүрлі және инновациялық әдістері (дыбыстық, сөздік, буындап оқыту; Н.Зайцев, Н.Жуковая, О.Соболева кубиктері, Доман, Монтессори карточкалары т.б.), олардың артықшылықтары мен кемшіліктері бойынша ата-аналар мен педагогтерге оқу-тәрбиелік көмек көрсету жолдары мен құралдары жайлы білімдерін тереңдетуге бағытталған.	5					+						+
26	Мектеп жасына дейінгі балаларды отбасында дамыту және тәрбиелеу	Ата-аналар мен гувернердің өзара әрекеттестігі кезінде мектепке дейінгі жастағы балаларды үй тәрбиесі құралдарымен әлеуметтендіру мәселелерін, үй жағдайында тәрбиелеу мен дамытудың педагогикалық шарттарын, үй жағдайында оқытуды ұйымдастыру нысандарын, принциптері мен әдістемелік ерекшеліктерін; үй жағдайында сабақ өткізу әдістемесі мен білім беру бағдарламасын әзірлеуді; басқа балалармен қарым-қатынасты ұйымдастыру нысандары туралы білімдерін дамытады.	5		+			+	+					
27	Даярлық тобындағы балаларды мектепте оқуға	Үй жағдайында мектепке дайындық процесінің артықшылықтары мен кемшіліктерін, балалардың мектепте оқуға психологиялық-педагогикалық дайындығын, оқу дағдыларын	5		+	+	+							

	дайындау	(тіл дамыту, математикалық, графикалық); ойлау, есте сақтау; баланың жүйке жүйесінің қалыпты дамуы мен жұмыс істеуіне жағдай жасау және оның денсаулығын нығайту, мектепке дейінгі білім берудің нормативтік-құқықтық базасы туралы білімдерін тереңдетеді.												
28	Мектепке дейінгі жастағы балаларды үй жағдайында оқытудың инновациялық технологиялары	Инновациялық технологиялардың дәстүрлі технологиялардан айырмашылығы, қолдану мүмкіндігі; балалардың тұлғалық дамуына бағытталған инновациялық әдістер (дамыта оқыту, ойын, проблемалық оқыту, ТРИЗ, АКТ, денсаулық сақтау, зерттеу және жобалық оқыту) мен ЦБР-ді (интерактивті, компьютерлік, анимациялық) қолдану, баланың жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу дағдыларын дамытады.	5			+		+			+			
29	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдар жүйесінде қосымша білім беруді ұйымдастыру Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қосымша білім беруді ұйымдастыру	Қосымша білім беруді жалпы білім берудің вариативті құрамдас бөлігі ретінде балалардың шығармашылық потенциалын дамыту, социумға бейімделу дағдыларын дамытады. Қосымша білім беру түрлері, ББМДҰ жағдайында қосымша білім беру қызметтерін көрсету, түрлі бағыттағы қосымша білім беру бағдарламаларының сипаттамасы (ғылыми-техникалық, көркем, жаратылыстану т.б.), репетиторлық, пәндерді тереңдетіп оқыту мәселелері туралы білімдерін тереңдетуге бағытталған.	5			+			+					

30	Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогтердің мектеп жасына дейінгі балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі іс-әрекетін әдістемелік сүйемелдеу Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің қосымша білім беру жүйесіндегі қызметін әдістемелік сүйемелдеу	Қосымша білім беру әдістемесінің ерекшеліктері, құрылымы мен мазмұны, мәні, негізгі ұғымдары, білім беру қызметін ұйымдастыру модельдері туралы білімдерін тереңдетуге бағытталған. Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асырудың инновациялық әдістері мен технологияларын; сабақ ерекшеліктерін, дидактикалық мәдениетті, бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді және қосымша білім беру саласындағы педагогтің тьюторлық позициясы туралы түсініктерін кеңейтеді.	5					+	+					
31	Мектеп жасына дейінгі балаларға қосымша білім беру жүйесінде дарынды балалармен жұмыс жүргізу	Қосымша білім беру ұйымдарында дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру және іске асыру, дарынды балаларды оқыту, тәрбиелеудегі үйлесімді эмоционалдық және әлеуметтік дамуына әсер ететін психологиялық-педагогикалық және нақты-кеңістіктік даму ортасын қалыптастыру, ата-аналары мен педагогтеріне оқу-тәрбиелік көмек көрсете алу дағдысын дамытуды көздейді.	5					+		+			+	
32	Мектеп жасына дейінгі балаларға қосымша білім берудегі	Қосымша білім берудің педагогикалық технологиялары түсінігін, мәнін, топтарын; білім беру (пәндік, тұлғалық, метапәндік), жеке (білім алушының жеке білім беру бағыты),	5					+					+	+

	инновациялық технологиялар	қосымша және басқа білім беру салаларын интеграциялау, қосымша білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының қызметін диагностикалауды жоспарлау және жүргізу мүмкіндігі, технологиясы туралы білімдерін тереңдетуге бағытталған.												
--	----------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--